

Үкіметтік және үкімет кепілдік берген қарыз алудың 1999-2008 жылдарға арналған бағдарламасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 5 маусым N 702. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.07.30. N 853 қаулысымен. ~P020853

"Сыртқы қарыз алу және сыртқы борышты басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Үкіметтік және үкімет кепілдік берген қарыз алудың 1999-2008 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданын.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Үкіметтік және үкімет кепілдік берген қарыз алудың 1999-2008 жылдарға арналған бағдарламасы 1. Жалпы ережелер

Үкіметтік және үкімет кепілдік берген қарыз алудың 1999-2008 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі мәтін бойынша "Бағдарлама") қарыз алу капиталының сыртқы және ішкі рыноктарында Қазақстан Республикасының Үкіметі және оның кепілдігі арқылы тартылатын заемдарды тартудың, өтеудің және қызмет көрсетудің процесі мен ықтимал шектерінің болжамды дамуының ағымдағы жағдайын бағалауды қамтиды. Бағдарлама өзінің негізінде Орта мерзімді кезеңге арналған мемлекеттік инвестициялардың бағдарламасын әзірлеу жүзеге асырылатын және Қазақстан Республикасының тиісті жылға арналған мемлекеттік бюджетін қалыптастырған кезде қарыз алу мен борыштың көрсеткіштері айқындалатын құжат болып табылады.

Бағдарлама экономикалық дамудың ұзақ мерзімді болжамы негізінде "Сыртқы қарыз алу және сыртқы борышты басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және бюджет саясаты мен мемлекеттік инвестициялар бағдарламасын ескере отырып әзірленді.

2. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламасының негізгі мақсаты елдің ұзақ мерзімді экономикалық өсуіне

қол жеткізу және оны қолдау тұрғысынан қажетті және экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысынан жіберілген үкіметтік қарыз алу көлемін (елдің орнықты төлем қабілеттілігін) айқындау болып табылады.

Бағдарлама мақсатқа сәйкес мынадай міндеттерді шешуге бағытталған:

ағымдағы борыштық ахуалды бағалау;

ұзақ мерзімді перспективада үкіметтік және үкімет кепілдік берген қарыз алуды қалыптастыруға және бағалауға айқындық беретін және ықпал ететін негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерді өзгертудің болжамын айқындау;

капиталдың ішкі және сыртқы рыноктарында қарыз алудың ықтимал көздері мен құралдарын бағалау;

қарыз алудың ықтимал көлемін және құрылымын айқындау;

борыштық жағдайдың дамуын: үкіметтік және үкімет кепілдік берген борыштың, елдің жалпы сыртқы борышының, борышты өтеудің және оған қызмет көрсетудің серпіні мен құрылымын болжау;

жинақталған борыштың және оған қызмет көрсетудің қауіпсіздік параметрлерін айқындау;

жыл сайынғы үкіметтік борыш лимитінің және үкіметтік кепілдіктер беру лимитінің параметрлерін айқындау;

Қазақстан Республикасының Үкіметі тиімді және басқарылатын қарыз алуды жүзеге асыруы үшін тәжірибе жүзіндегі шараларды (ұсынымдарды) ұсыну.

3. Қарыз алудың мақсаттары мен заем ресурстарын пайдаланудың бағыттары

Үкіметтік қарыз алудың мақсаты мемлекеттік бюджет тапшылығын қаржыландыруды қамтамасыз ету болып табылады. Бұл орайда инвестициялық жобаларды заем қаражаты есебінен қаржыландыруды ескере отырып, шығыстардың кірістерден асып түсуінің нәтижесінде пайда болған бюджет тапшылығы айтылады.

Заем қаражатын пайдаланудың негізгі бағыттары Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан-2030: барлық қазақстандықтардың гүлденуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының жақсаруы" Стратегиясының ұзақ мерзімді басымдықтарымен айқындалады, нақтылы басым жобалар орта мерзімді кезеңге әзірлеген Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасымен бекітіледі.

4. Заемдық ресурстардың көздері мен түрлері

Үкіметтік қарыз алу қарыз капиталының ішкі және сыртқы рыноктарында жүзеге асырылады.

Ішкі рынокта Қазақстан Республикасының Үкіметі қарыз алуды мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясы немесе Ұлттық Банктің несиелерін тарту жолымен жүзеге асырады. 1998 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Үкіметі бюджет тапшылығын қаржыландырудың инфляциялық емес ішкі көздеріне - мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясына толықтай көше отырып, бұл көзден бас тартты. Бұл ретте мемлекеттік бағалы қағаздар айналыс мерзімдері бойынша: 1 жылға дейінгі айналыс мерзімімен - қысқа мерзімді, 1-ден 10 жылға дейінгі айналыс мерзімімен - орта мерзімді, және 10 жыл және одан астам айналыс мерзімімен - ұзақ мерзімді болып бөлінеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкінің қарыз алуы, Қазақстан Республикасы резиденттерінің, оның ішінде мемлекеттік кепілдікпен мемлекеттік емес (жеке) қарыз алуы арқылы жүзеге асырылатын сыртқы қарыз алу көздері ресми (халықаралық ұйымдар, шет мемлекеттердің

үкіметтері) және жеке (шетелдік коммерциялық банктер, экспорттаушы фирмалар, ірі сақтандыру компаниялары, инвестициялық, зейнетақы қорлары) болып бөлінеді.

Сыртқы қарыз алу қаржылық ресурстардың мынадай негізгі ағымдарын құрайды:

Халықаралық валюта қорының (ХВҚ) несиелері;
дамуға ресми көмектесу (көпжақты және екіжақты);
экспорттық несиелер (ресми кепілдік берілген экспорттық несиелер және жеке сақтандырылған экспорттық несиелер);
халықаралық банктік несиелер;
облигациялық заемдар;
өзге де жеке қарыз алу.

5. Қарыз алудың негізгі принциптері

Үкіметтік қарыз алудың мерзімдік, қайтарымдық және ақылы негізін қалайтын принциптерімен қатар мынадай бірқатар принципті көзқарастарды:

- 1) қарыз алу елдің төлем қабілетінің тұрақтылығын бұзуға әкеліп соқтырмауын;
- 2) қарыз алудың ішкі құралдарын барынша көп жұмылдыруды;
- 3) жеңілдетілген қарыздардың үлесін барынша көп тартуды;
- 4) инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған қаражаты тартқан кезде - жобаны аяқтауға дейін, яғни жоба қаржылық қайтарым бере бастағанға дейінгі

кезеңде төленуге тиісті борышқа қызмет көрсету жөніндегі төлемдерді барынша кемітуді ;

5) инвестициялық жобаларды қаржыландыруға арналған, оларды іске асырған кезде бюджеттің кіріс бөлігіне түсімдердің өсімін қамтамасыз ететін заемдар қаражатының басым бағытын сақтау қажет.

Қарыз алу көздерін таңдаған кезде, мынадай факторлар ескерілуі тиіс:

- 1) қарыз алудың осы түрінің құны;
- 2) қарыз алудың осы түріне қолданылатын шектеулер, ресурстар берілетін жобалардың түрлеріне қатысты несие берушілердің айырмашылығы (элеуметтік-бағдарланған жобалар, инфрақұрылымдық жобалар, тауарлардың және жабдықтардың және т.б. жекелеген түрлерін беру);
- 3) заем ресурстарының белгілі бір түрлерінің қолайлылығы;
- 4) борыштық міндеттемелерді өтеудің мерзімдері, төлемдердің мерзімін борышты қайта құрылымдау жолымен ұзарту мүмкіндігі, несие бойынша төлеу мерзімінің жоба несиесімен қаржыландырылатын қайтымдылық мерзіміне сәйкес келуі ;

5) қарыз алудың қолданылып жүрген құрылымы.

6. Жалпы сыртқы борыштың, үкіметтік және үкімет кепілдік берген борыштың 1999 жылғы 1 қаңтардағы жағдайын талдау

Алдағы үкіметтік қарыз алудың көлемдері елеулі дәрежеде елдің жиынтық сыртқы борышының қолданылып жүрген көлемімен және құрылымымен, оның ішінде үкіметтік және үкімет кепілдік берген сыртқы борышпен, оған қызмет көрсетудің құнымен айқындалады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі үкіметтік кепілдігі жоқ жеке заем алушылардың міндеттемелері бойынша жауапкершілік алмайтынына қарамастан, жиынтық сыртқы борыштың құрамды бөлігі болып табылатын кепілдік берілмеген жеке борыштың көлемі елдің төлем қабілеттілігінің көрсеткіштеріне әсер етеді .

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыш мониторингін ұйымдастыру, жүзеге асыру және жетілдіру жөніндегі жұмыстарды және оны өтеу мен қызмет көрсетуді дәйектілікпен жүргізеді. Осы Бағдарламаны әзірлеу қарыз алуды және борышты басқарудың технологиясының құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Осындай жұмысты орындаудың, қарыз алу мен борыш жөніндегі басқарушылық шешімдерді қабылдау мен жай-күйіне талдау жасаудың қажетті негізі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ұйымдастыратын мемлекеттік

және мемлекеттік емес борыштың мониторингі нәтижесінде қалыптасатын толық мәнді ақпараттық база болып табылады. Төменде келтірілген талдау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің борышты басқару кешенді жүйесінің ақпараттық базасы мәліметтері және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асыратын жалпы сыртқы борышты бағалау жөніндегі мәліметтер негізінде алынды.

Үкіметтік ішкі борыш 1999 жылы 1 қаңтарда 83 910,2 млн. теңгені (1 001,3 млн. АҚШ долларын) құрады. Мемлекеттік арнаулы қазынашылық міндеттемелер үкіметтік ішкі борыштың жалпы көлемінің 43,9 %-ін, қысқа және орта мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша міндеттемелер - 40,7 %-тің өзге де міндеттемелер -15,4 %-тің құрады.

Үкіметтік сыртқы борыштың көлемі 2 430,5 млн. АҚШ долларын, оның ішінде көпжақты ұйымдардың (ХҚДБ, ЕҚДБ, АДБ) міндеттемелері - 1 239 45 млн. долларды, шетелдік мемлекеттер үкіметтері (Жапония, ГФР, Швеция, Австрия) - 367,35 млн. долларды, шетелдік коммерциялық банктері - 243,6 млн. долларды, облигациялық заемдар бойынша - 550 млн. долларды, өзге де сыртқы заемдар бойынша - 30,07 млн. АҚШ долларды құрады. Үкіметтік сыртқы борыш Қазақстан Республикасының Үкіметі тартқан, үкіметтік сыртқы заемдар бойынша міндеттемелерді құрайды. Заем қаражатының түсуі және атқарылуы республикалық бюджет арқылы жүзеге асырылады.

1999 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы 2 584,8 млн. АҚШ долларына бара-бар сомада дамуға ресми көмектесу заемдары туралы 38 келісімге қол қойды, оның ішінде бағдарламалық заемдар - 1 546 млн. АҚШ долларын, жобалық (инвестициялық) - 1 038,8 млн. АҚШ долларын құрайды. ДРК заемдарын Қазақстан Республикасына ХҚДБ, АДБ, ЕҚДБ, КҒW ОЕСҒ, Жапонияның Эксимбанкі, сондай-ақ Австрияның және Швецияның үкіметтері берді.

ДРК ең көп мөлшерін Қазақстанға ХҚДБ берді. Жалпы сомасы 1 503,6 млн. долларлық заем туралы 16 келісімге қол қойылды, оның ішінде бағалаудың пайдаланылған уақытында 926,8 млн. АҚШ доллары игерілді. ХҚДБ заемдары экономиканы құрылымдық қайта құру бағдарламаларын қаржыландыруға, қаржылық және өнеркәсіптік секторды, қала көлігін дамытуға, мұнайгаз секторын дамытуға техникалық көмектесуге, Өзен мұнай кен орнын оңалтуға, ирригациялық және дренаждық жүйені жақсартуға, әлеуметтік қорғауды дамытуға, мемлекеттік сектордағы ресурстарды басқару жүйесін реформалауға қолдау көрсетуге жұмсалды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі толығымен игерілген 276,03 млн. долларға бара-бар сомадағы ХВҚ мен ХҚДБ заемдарымен бірлесіп қаржыландыру жағдайында Жапонияның Экспорт-импорт банкімен заем туралы

4 келісім жасасты. 14,4 млн. доллар өтелді.

Азия даму банкі құрылымдық реформалар бағдарламаларына, ауылшаруашылық секторын дамыту, білім беру жүйесін жақсарту, жолдарды қалпына келтіру бағдарламаларына арналған жалпы сомасы 415 3 млн. долларлық заем туралы 10 келісімге қол қойды. 284,25 млн. АҚШ доллары игерілді.

ОЕСФ заемдары 254,7 млн. долларға бара-бар сомада тартылды, оның ішінде 93,82 млн. доллар игерілді. ОЕСФ заемдары темір жол көлігін дамытуға, сондай-ақ Ертіс өзені арқылы көпір салуға жұмсалды.

ЕҚДБ-мен Ақтау портын қайта құруға арналған 175,1 млн. долларға бара-бар сомадағы заем туралы келісім жасалды. 28,4 млн. АҚШ доллары игерілді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Австрия және Швеция үкіметтерімен тиісінше 4,88 млн. АҚШ долларына және 3 млн. АҚШ долларына бара-бар сомада төлем балансын қолдау үшін ХҚДБ заемдарын қосымша қаржыландыру нысанындағы қаражатты беруге арналған келісімдер жасасқан болатын. Бұл заемдар толығымен игерілді.

Сондай-ақ автобустар сатып алуға арналған 3,99 млн. АҚШ долларына бара-бар сомада тартылған KFW заемы толық игерілді.

Хирургиялық орталық құру мақсатына жалпы сомасы 11,7 млн. АҚШ долларына бара-бар ИДБ заемы тартылды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі дербес заем алушы ретінде үкіметтік борыштың лимиті шегінде облигациялық заемдар шығарады.

Капиталдың халықаралық рыногына мемлекеттік бағалы қағаздардың 2 шығарылымы жүзеге асырылды. 1996 жылдың желтоқсанында купонның жылдық ставкасы 9,25% және айналыс мерзімі 3 жыл қазақстандық, еуроноталардың дебюттік шығарылымының көлемі 200 млн. АҚШ долларын құрады. Жылдық ставкасы 8,375%, айналыс мерзімі 5 жыл еуроноталардың екінші эмиссиясының көлемі 350 млн. АҚШ долларын құрады.

Үкіметтік сырттан қарыз алу құрылымында дамуды ресми қаржыландырудың басымдылық тенденциясы тұрақты. Бұдан басқа, дамуды ресми қаржыландыру заемының өз құрылымында өзгеріс болып жатыр. Қазіргі уақытта олар басты тұрғыда экономиканың аса маңызды салаларында мемлекеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға, сондай-ақ әлеуметтік саланы дамытуға бағытталуда.

Үкіметтік сыртқы борыштың валюталық құрылымы жеткіліксіз сараланған. АҚШ долларының үлес салмағы 1999 жылдың 1 қаңтарында 82,3 %-ті, жапон йені - 16,1 %-ті, неміс маркасы - 1 %-ті, австрия шиллингі - 0,3 %-ті құрады. Борышқа қызмет көрсету жөніндегі төлемдердің мөлшері доллар түрінде валюталардың кросс-бағамдарының өзгеруіне байланысты.

Ұлттық Банктің борышы 653,7 млн. АҚШ долларын, оның ішінде ХВҚ

несиесі бойынша - 651,06 млн АҚШ долларын, ЕҚДБ заемдары - 2,64 млн. АҚШ долларын құрады. 1993-1999 жылдардың ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және Халықаралық валюта қоры арасында жалпы сомасы 735,1 млн. 4 несие келісімдеріне қол қойылды. SDR (қарыз алудың арнайы құқығы): STFF (жүйелік қайта құру бағдарламасы) - 123,75 млн. SDR; Stand-By-1 (резервтік несиелер туралы келісім-1) - 74,25 млн. SDR; Stand-By-2 (резервтік несиелер туралы келісім-2) - 185,6 млн. SDR және EFF (кеңейтілген несиелендіру туралы келісім) - 309,4 млн. SDR. Соңғы келісімнің шеңберінде Қазақстан ресурстар сатып алуды жүзеге асырған жоқ.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтын-валюталық резервтерін толтыруға қаражат тарту туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Халықаралық валюта қорымен жасасқан келісімдердің шеңберінде қабылдайды.

Үкімет кепілдік берген сыртқы борыштың көлемі 1999 жылдың 1 қаңтарында 859, 1 млн. АҚШ долларын құрады. Экспорттық несиелер Қазақстан Республикасының үкіметтік кепілдігі арқылы жыл сайын республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін үкіметтік кепілдіктер берудің лимиті шегінде тартылады. Үкіметтік кепілдіктерді беру "Сыртқы қарыз алу және сыртқы борышты басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Үкімет кепілдік берген экспорттық несиелер 1999 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 1 605,9 млн. АҚШ долларына бара-бар сомада игерілді. Неғұрлым ірілері Германияның (үкімет кепілдік берген игерілген экспорттық несиелердің жалпы сомасынан 45%-і), Түркияның (13,3%-і), Ұлыбританияның (10,5%-і), АҚШ-тың (9,8%-і), Австрияның (9,7%-і) несиелік желілері болып табылады.

Үкімет кепілдік берген экспорттық несиелердің көпшілік бөлігі 1992-1994 жылдары тартылған болатын. Несиелендірудің бағыттары жобалардың тиімділігінің тиісті есебінсіз, банктік сараптамасыз әкімшілік жолмен белгіленді. Заем алушылардың қаржылық дәрменсіздігінің салдарынан үкіметтік кепілдіктер күшіне енеді және үкімет республикалық бюджеттен несиелерді өтеу және қызмет көрсету жөніндегі шығыстардың ауыртпалығын көтереді. Сыртқы несиелерді мезгілсіз өтеу қаржылық ысыраппен қатар елдің несиелік рейтингінің төмендеуіне әкеліп соғуы, қарыз капиталының халықаралық рыногына шығуын шектеуі мүмкін.

Кепілдік берілмеген жеке борыш - 2 308,9 млн. АҚШ долларын құрады. Үкімет кепілдік бермеген барлық сыртқы заемдар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде тіркелуі тиіс. Мұндай заемдарды тартуды Қазақстан Республикасының валюта заңдарына сәйкес заем

алушылар дербес жүзеге асырады.

Кәсіпорындардың тікелей келісім-шарттар бойынша бейрезиденттер алдындағы несиелік берешегі 1 273,4 млн. АҚШ долларын құрады.

Қазақстан Республикасының жалпы сыртқы борышы 7 525, 6 млн. АҚШ долларын құрады.

1-кесте

Қазақстан Республикасының жалпы сыртқы борышы (млн. АҚШ доллары)

| Көрсеткіштің атауы | 1999 жылдың 1 қаңтарында* | |
|---|------------------------------|---------|
| 1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыртқы борышы | | 2 430,5 |
| 1) Дамуға ресми көмектесу | 1 850,4 | |
| 2) Облигациялық заемдар | 550,0 | |
| 3) Өзгелері | 30,1 | |
| 2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің борышы | | 653,7 |
| 1) ХВҚ несиелері | 651,1 | |
| 2) Дамуға ресми көмектесу | 2,6 | |
| 3. Үкімет кепілдік берген сыртқы борыш | | 859,1 |
| 4. Үкімет кепілдік бермеген сыртқы борыш | | 2 308,9 |
| 5. Кәсіпорындардың тікелей келісім-шарттар бойынша міндеттемелері | | 1 273,4 |
| Жалпы сыртқы борыш | 7 525,6 | |

* 1999 жылдың 1 қаңтарындағы валюта бағамы бойынша

2-кесте

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік борышы (1999 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша)

| Көрсеткіштің атауы | млн. теңге | млн. АҚШ доллары |
|--------------------|------------|------------------|
| | | |

| | | |
|--------------|-----------|---------|
| Ішкі борыш | 83 910,2 | 1 001,3 |
| Сыртқы борыш | 203 674,6 | 2 430,5 |
| Барлығы | 287 584,6 | 3 431,8 |

7. Қарыз алуға қойылатын шектеулер

Қарыз алуға қойылатын шектеулерді белгілеу қажеттігі экономикалық қауіпсіздікті - тұрақты және орнықты дамуды қамтамасыз ету міндеттерінен туындайды. Бұл үшін борыштың өсу ырғағын және оның басқа негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің ырғағына қатынасын бағалау жүргізіледі.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы қатарына жататын халықтың жан басына шаққанда табыстың деңгейі орташа елдер үшін әлемдік тәжірибеде шектеулер ретінде борышты басқару кезінде мынадай көрсеткіштер п а й д а л а н ы л а д ы :

елдің жинақталған жалпы сыртқы борышының ағымдағы құнының ІЖӨ-ге қатынасы 80 %-тен аспауы тиіс;

жалпы сыртқы борышқа қызмет көрсету нормасы (жалпы сыртқы борышты өтеу және қызмет көрсету жөніндегі жиынтық төлемдердің тауарлар мен қызмет көрсетулердің экспортына қатынасы) 25 %-тен аспауы тиіс;

бір жылда есептелетін жалпы сыртқы борыш бойынша проценттердің тауарлар мен қызмет көрсетулердің экспортына қатынасы 10 %-тен аспауы тиіс;

жалпы сыртқы борышқа қызмет көрсетудің өсу қарқыны тауарлар мен қызмет көрсетулер экспортының өсу қарқынынан аспауы тиіс;

үкіметтік борыштың СЖӨ-ге қатынасы (60 %-тен аспайды);

үкіметтік борышқа қызмет көрсету жөніндегі төлемдердің мемлекеттік к і р і с т е р г е қ а т ы н а с ы .

Үкіметтік қарыз алуды және, демек, үкіметтік борыштың өсуін басты шектеу үкіметтік борышқа қызмет көрсету жөніндегі төлемдердің республикалық бюджеттің кірістерінен қатынасын сипатталатын көрсеткіш болып табылады, өйткені соңғысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыртқы, сондай-ақ ішкі несие берушілер алдындағы барлық борыштық міндеттемелерін қамтамасыз е т е д і .

8. Модельді сипаттау

1999-2008 жылдардағы кезеңге арналған қарыз алудың көлемдерін және

борыштық жағдайды бағалаудың есептемесін жүргізу үшін алгоритмдік модель жасалды. Оның үш модулінің көмегімен үкіметтік қарыз алу мен борыш, үкімет кепілдік берген борыш жөнінде, жалпы сыртқы борышты бағалау жөнінде е с е п т е м е л е р жү р г і з і л д і .

Үкіметтік қарыз алу жөніндегі есептеме модулі негізгі көрсеткіштер серпінінің есептемелерін: заем қаражатының түсуін, өтелуін, үкіметтік борыштың жағдайы мен қамдалуын, қарыз алу құралдары спектрінің үлгісінде пайдалану үшін осы көрсеткіштерді алгоритмдік тәуелділікте сипаттау базасында бюджет тапшылығын қаржыландыруды қамтамасыз етеді. Ішкі рынокта қарыз алуды болжау үшін қысқа мерзімді құралдардың тобы (МҚМ-3, 6, 12, МЕОО) және орта мерзімді қолданылатын және перспективалық құралдардың тобы (МОО-2, 3 және 5) сипатталған. Сыртқы қарыз алу үшін жеңілдетілген заемдарды (жеңілдік кезеңі 30 жылға дейін, 10 жылға дейін) қоса алғанда, ұзақтығы әртүрлі мерзімдегі (5, 10 және 20 жылға дейін) заемдар тобы және капиталдың халықаралық рыногында орналастырылған мемлекеттік бағалы қағаздардың тобы сипатталған. Аспаптардың бұл спектрі, модельге ықтимал шарттардың көп егжей-тегжейімен салмақ салмай, жеткілікті дәрежеде талап етілген көрсеткіштерді есептеуге және қажетті бағалауларды жүргізуге мүмкіндік береді.

Үкіметтік қарыз алуды модельдеу экономиканы дамытудың макроқорсеткіштері арқылы берілген мемлекеттік бюджет тапшылығының көлемін жабу үшін құрылған. Бұл үшін жоғарыда аталған қарыз алу рыноктарын, топтары мен қарыз алу аспаптарын пайдалану құрылымы болжамды кезеңнің басында бюджет тапшылығын жабуда рыноктардың, топтардың және аспаптардың іс жүзінде қалыптасқан ара қатынасы алынатын тиісті сипаттамамен беріледі және бюджет тапшылығын жабуда аспаптар үлесі өзгерісінің берілетін трендтерінің көмегімен кезеңнің аяғына қарай көзделіп отырған ара қатынас белгіленеді. Осылайша заем қаражатының көздерін пайдаланудың құрылымымен осы тұрғыда өзгерту заем саясатының түрлі нұсқаларына болжам жасауға мүмкіндік береді. Бұл ретте, модельдік қарыз алудың, қаржыландырудың, борыштың жай-күйіне және қарыз алуға қызмет көрсету ағымдарына баға берудің сценарийлері болжамды кезеңнің басындағы мемлекеттік борышты құрайтын ішкі және сыртқы заемдардың қолданылып жүрген портфелінің деректеріне сүйенеді.

Үкіметтік қарыз алудың моделі бюджет тапшылығын 100% қаржыландырған кезде және осы шығыстардың бюджеттің кіріс бөлігіне берілген тиісті деңгейіне (үлесіне) қатынасы бойынша қызмет көрсетуге жұмсалған шығыстарын бағалай отырып, ағымдар мен борыштың жай-күйін болжау мүмкіндігін көздейді. Және, керісінше, бюджеттің кіріс бөлігіне қатысы бойынша қызмет көрсетуге

жұмсалған шығыстардың берілген шектеу бойынша бюджет тапшылығын қаржыландыру деңгейін, белгілеу. Бұл жағдайда норма ретінде жылдық бюджеттің кіріс бөлігінің 15%-ін құрайтын шығыстардың көлемі пайдаланылды.

Модельде кепілдік берілген борыш бойынша есептер бюджеттің кіріс бөлігіне қатынасы бойынша борышқа қызмет көрсетуге жұмсалған шығыстарды шектеудің берілген шегінде (қазіргі жағдайда 15 проценттік) табыс етілетін қаражат қалдығын олардан үкіметтік борышқа қызмет көрсетуге арналған шығыстарды шегергеннен кейін пайдалану мүмкіндігін бағалау негізінде құрылған берілген шектеудің шегінде берілуі ықтимал қаражаттың қалдығын пайдалану мүмкіндігінің бағасы негізінде құрылды. Бұл ретте, математикалық қатынастарды сипаттау арқылы тарту, өтеу, қызмет көрсету және мемлекеттік емес заемдардың үкімет кепілдігімен тартылған борыш көрсеткіштері модельденеді және дәрменсіз заем алушылар үшін міндеттемелерді орындауға арналған бюджет шығыстарының ықтимал көлемдері талданады. Мұндай заемдар бойынша ықтимал міндеттемелерді бюджетке аудару жобаларды іріктеуді жақсартудың нәтижесі ретінде мәнділік серпінін төмендететін тиісті ықтималдық коэффициентін және борыштық міндеттемелерді дербес орындауды қамтамасыз ету бойынша түпкі заем алушылармен жұмысты ескере отырып ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Жалпы сыртқы борышты бағалаудың модулі үкіметтік сыртқы қарыз алуды, үкімет кепілдік берген қарыз алуды модельдеу нәтижелерін үкімет кепілдік бермеген жеке қарыз алу көрсеткіштері мен бағаларын және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен алынған шаруашылық жүргізуші субъектілердің тікелей келісім-шарттары бойынша кредиторлық берешегін сондай-ақ модельде қабылданған макроэкономикалық көрсеткіштерді біріктіреді. Бағалау қатынастарын математикалық сипаттау нәтижесінде борыштың жағдайы және оған қызмет көрсетудің негізгі көрсеткіштерінің талдауын жүргізуге және жалпы сыртқы борышты бағалау үшін қабылданған өлшемдерді сақтауға м ү м к і н д і к б е р і л е д і .

Қарыз алу процестерін модельдеу мен талдау жасаудың негізгі нәтижелерінде олардың кестелік түсіндірілуінің тиісті сипаттамасы болады.

9. Қарыз алудың көлемін және борыштық жағдайдың дамуын б о л ж а у

Қарыз алуды болжау және нәтижелерін бағалау берілген бастапқы параметрлер, шектеулер мен реттелетін көрсеткіштер негізінде жасалған үлгінің көмегімен есеп жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

Бастапқы параметрлер: 1999-2008 жылдардың серпініндегі

макроэкономикалық және басқа да көрсеткіштер - жалпы ішкі өнім (ІЖӨ), тауарлар мен қызмет көрсетулердің экспорты, мемлекеттік бюджеттің тапшылығы, мемлекеттік кірістердің көлемі, инфляция көрсеткіштері, валюта бағамдары, үкімет кепілдігі берілмеген жеке сыртқы борыштың көлемдері мен ағымдары, шаруашылық жүргізуші субъектілердің тікелей шарттар бойынша кредиторлық берешегінің ықтимал серпінінің өзгеру бағасы; 1999 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша үкіметтік және үкімет кепілдік берген борыш, сондай-ақ ішкі және сыртқы міндеттемелердің қолданылып жүрген портфелінің өзгеру және оған қызмет көрсету көрсеткіштері. Модельде пайдаланылатын макроэкономикалық көрсеткіштер Оңтүстік Шығыс Азия мен Ресейдегі қаржылық дағдарыстың ықпалын назарға ала отырып, елдің қалыптасқан және болжамдалған әлеуметтік-экономикалық ахуалын ескере отырып қабылданды. Негізгі бастапқы көрсеткіштер 1-қосымшада келтірілген.

Қойылатын шектеулер: бюджет тапшылығын жабу дәрежесі; үкіметтік борышқа қызмет көрсету жөніндегі төлемдердің мемлекеттік бюджет кірістеріне қатынасы; үкімет кепілдік берген борышқа қызмет көрсетуге бағытталған бюджет қаражатының қалдығы. Бюджет тапшылығының берілген көлемін 100 %-ке жабудың және мемлекеттік борышқа қызмет көрсетуді 15 %-ке шектеген кезде оны мемлекеттік бюджеттің кірістеріне жабудың сценарийі қаралуда.

Реттелетін (ауыспалы) параметрлер: қарыз алу құрылымы - заем капиталының ішкі және сыртқы рыноктарының, бюджет тапшылығын жабуда қарыз алу аспаптары мен жекелеген аспаптар топтарының ара қатынасы, қарыз алу аспаптарының (нысандарының) әр түрі үшін рыноктарда қарыз алу құны; бюджет тапшылығын қаржыландыру көлемі; үкіметтік кепілдіктер берудің көлемі. Қарыз алудың беріліп отырған құрылымы 2-қосымшада келтірілген.

Жалғасып отырған әлемдік қаржы дағдарысы жағдайында 1999 жылдың бюджеті үшін ішкі қарыз алудың көлемі бюджет тапшылығын жабуға тартылған қаражаттың - 40%-тің, сыртқысы-60%-тің құрады. Қарыз капиталының сыртқы және ішкі рыноктарында қарыз алу көлемін біртіндеп теңестіру болжануда (2008 жылы ішкі көздерден-50%, сыртқы көздерден-50% қаражат тарту болжануда). Бұдан басқа, ішкі қарыз алу құрылымында ұзақ мерзімді аспаптар үлесінің өсуі (1998-1999 жылдары қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздар есебінен шамамен 100% қаржыландырудың ара қатынасынан 2008 жылы орта мерзімді 67%-ке көшу), сырттан - заемдармен салыстырғанда бағалы қағаздар рөлінің өсуі 2008 жылы 25 %-ке болжануда.

Болжанып отырған сырттан қарыз алу құрылымында заемдар беру мерзімі бойынша мынадай топтарға бөлінеді: жылына 8%-тік орташа ставкамен 5 жылға дейін, 10 жылға дейін, 20 жылға дейін. Жеңілдетілген заемдардың тобы 5%-тік ставкамен өтеу мерзімі 30 жылға дейін және жеңілдетілген кезеңмен 10 жылда

жеке көрсетілген. Сондай-ақ құрамында айналыс мерзімі 3, 5, 7 және 10 жылға дейін бағалы қағаздар көрсетілген мемлекеттік бағалы қағаздардың эмиссиясы жолымен капиталдың халықаралық рыногына шығу аспаптары саралануда. Борыштық жағдайдың даму серпіні берілген бастапқы параметрлерде және қарыз алудың болжанып отырған құрылымында мемлекеттік борыш 2008 жылы ІЖӨ-ге 30%-ке дерлік жетіп, жеткілікті бірқалыпты өсіп келе жатқанын көрсетеді. Бұл ретте, сыртқы рынокта тартылатын заемдардың ұзақ мерзімдерін ескере отырып, үкіметтік борыштағы ішкі борыш үлесінің өзгеру серпіні ішкі заемдармен салыстырғанда, болжану кезеңі ішінде оның біртіндеп төмендегенін көрсетеді (1999 жылы 21%-тан 2008 жылы 18,1%-ке дейін), ішкі борыштың өзгеру ырғағы, керісінше, ішкімен салыстырғанда өсу қарқыны неғұрлым жоғары және оның үлесін 2008 жылы 80%-ке жеткізбек. Болжам бойынша 2008 жылы мемлекеттік борыш 18,1%-ке ішкі міндеттемелерден және 81,9%-ке сыртқыдан тұратын б о л а д ы .

Үкіметтік борышқа қызмет көрсету 1999 жылы 1,07%-тен 2008 жылы ІЖӨ көлеміне 2,3% өседі. Сонымен бірге, бюджеттің кіріс бөлігіне қатынасы бойынша 1999 жылы 8,52%-тен 2002 жылы 15%-ке биіктеу шыңынан өте отырып, 2008 жылы 15%-ке қызмет көрсетудің өсуі болжануда. Осылайша, экономика (ІЖӨ) мен бюджеттің (кірістер, бюджет тапшылығы) дамуының берілген көрсеткіштерінде модельде қабылданған үкіметтік және үкімет кепілдік берген борышқа қызмет көрсету шығындары бюджет кірісінің 5%-інен аспауы тиіс болған шектеу орындалуда. Аталған жағдай бюджет арасалмағын бұзбай-ақ, үкіметтік борышқа қызмет көрсету ғана емес, төменде келтірілген көлемде үкімет кепілдігін беруді мүмкін етеді. Үкіметтік қарыз алу мен борыш жөніндегі есеп айырысулардың қорытындылары 3-қосымшада келтірілген.

Жалпы сыртқы борышты бағалау (4-қосымша) негізгі макроэкономикалық көрсеткіштермен салыстырғанда, болжамдық есеп көрсетіп отырғандай, экономиканың дамуы 2001 жылы 75,3%-ке жете отырып, 2008 жылы елдің жалпы сыртқы борышы ІЖӨ-ге қатысы бойынша шамамен 59,9%-ті құрайды.

Жалпы сыртқы борыштың құрылымында Ұлттық Банктің заемдарын қоса алғанда, үкіметтік сыртқы борыш 41,1%-ті, үкімет кепілдік берген борыш - 0,4%-ті, кепілдік берілмеген жеке борыш және тікелей келісім-шарттар бойынша берешек - 38,6%-ті құрады. Жалпы сыртқы борыштың өсу қарқыны 1999-2001 жылдары жоғары болады (экспорттың өсу қарқынынан жоғары), бұдан кейін 2002 жылы экспорттың өсу қарқыны жалпы сыртқы борыштың өсу қарқынынан а с ы п т ү с е д і .

Жалпы сыртқы борышқа қызмет көрсету ІЖӨ-нің 17,6%-тін, немесе ел экспортының 9,0%-тін құрайды, алайда, бұл көрсеткіштер 1999 жылы 17,9% және 7,6%-тен 2002 жылы тиісінше 25,5% және 10,2%-ке дейін болжанып

отырған кезеңнің аяғында кейіннен төмендей отырып, 1999-2002 жылдары өсетін
б о л а д ы .

Бұл ретте, борыш ауыртпалығының негізгі индикаторлары қауіпті сәттен
а с п а й д ы .

10. Үкіметтік кепілдіктер беру лимиттерінің есебі

Қазақстандық қаржы институттары мен нақты сектордың кәсіпорындарының несиелік рейтингін қалыптастыру уақытты талап етеді, сондықтан осы шаруашылық жүргізуші субъектілердің ішінен жекелегендері ғана қазіргі уақытта өздерінің жеке кепілдіктерімен инвестициялық жобаларға несиелік тарта алады.

Сыртқы заемдар бойынша үкіметтік кепілдіктер беруді шектеу (лимит) осы Бағдарламада дәрменсіз заем алушылар үшін несиелік берушілер алдындағы кепілдік берілген міндеттемелерді орындауды бюджет мүмкіндігінен қамтамасыз ету туындайды. Бұл ретте бюджеттің кіріс бөлігінде үкіметтік борышқа қызмет көрсету нормасы бойынша шектеулерді сақтау шеңберінде ең алдымен, заем алушының дәрменсіздігіне байланысты Кепілшінің міндеттемелері күшіне енген кезде үкімет кепілдік берген шетелдік несиелерге қызмет көрсету қамтамасыз етіледі, оларға қызмет көрсету Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерімен қайтарымды негізде республикалық бюджеттен көзделген. Жаңа кепілдіктер беру бюджет қаражатынан көрсетілген түрде шектелген және шығындалған қалдық орны болған дәрежеде ғана мүмкін (5-қосымша).

